

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне кезектен тыс сыйыптық шендер беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 9 қарашадағы № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 қарашада № 17735 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 18 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 13.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 26-бабының 4-тармағына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы Заңының 37-бабының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса тіркеліп отырған Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне кезектен тыс сыйыптық шендер беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Кадрларды дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде оның көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Кадрларды дамыту департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

К. Қожамжаров

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне кезектен тыс сыныптық шендер беру қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне кезектен тыс сыныптық шендер беру қағидалары "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қантардағы Заңының 26-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінде кезектен тыс сыныптық шендерді беру тәртібін айқындайды.

2. Кезектен тыс сыныптық шендерді беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қабылдайды.

3. Кезектен тыс сыныптық шен қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелері басшыларының, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың (Бас әскери прокурорды қоспағанда), Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқық қорғау органдары академиясы ректорының (бұдан әрі – бөлімше басшысы) ұсыныстары негізінде осы сыныптық шенде белгіленген еңбек сінірген жылдар мерзімінің кемінде үштен бірі өткен соң қызметтегі айрықша жетістіктері үшін марапаттау, бірақ қызметкер алған сыныптық шенінен бір шеннен артық емес тәртібімен беріледі.

Қызметтегі ерекше сінірген еңбегі болған кезде, кезектен тыс сыныптық шендер осы сыныптық шенде еңбек сінірген жылдарына қарамастан, бірақ қызметкер алған сыныптық шенінен бір шеннен артық емес беріледі.

4. Кезектен тыс сыныптық шендерді беру прокуратура органдары жүйесінде қызмет еткен барлық кезеңінде екі реттен артық емес жүргізіледі.

5. Сыныптық шенде болу мерзімі қызметкерге тиісті сыныптық шен берілген күннен бастап есептеледі.

6. Кезектен тыс сыныптық шендерді беру туралы ұсыныс (бұдан әрі – ұсыныс) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кадр қызметіне осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

7. Ұсыныста көрсетілген мәліметтердің анықтығын бақылау бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

8. Кезектен тыс сыныптық шен:

1) алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;

2) қызметтік тергеп-тексеру жүргізілген кезенде;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жағдайда берілмейді.

9. Ұсыныстар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасарларының бірінің төрағалық етуімен комиссияда қаралады.

Ұсынысты қарау қорытындылары бойынша келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) кезектен тыс сыйыптық шен беруге ұсыну;

2) ұсынысты қанағаттандырудан бас тарту.

10. Кезектен тыс сыйыптық шенді беру туралы шешім Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасы
прокуратура органдары
жүйесінің қызметкерлеріне
кезектен тыс сыйыптық
шендер беру қағидаларына
қосымша
Нысан

Кезектен тыс сыйыптық шен беру туралы ҰСЫНЫС

(сыйыптық шен)

Кімге _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

(тұған күні, айы, жылы)

Лауазымы _____

(прокуратура органы)

Көрсетілген лауазым үшін шекті сыйыптық шен _____

Алған сыйыптық шені _____

_____ жылғы " _____ " № _____

бұйрығымен берілді _____

(қысқаша сипаттамасы, сіңірген еңбегі)

Кезектен тыс сыйыптық шен беруге кедергі келтіретін негіздердің болуы

Кадр қызметінің басшысы
кездे)

Ішкі қауіпсіздік
бөлімшесінің өкілі
)

Облыс (атауы) прокуроры/
Құқықтық статистика
және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің
төрағасы/ Құқық қорғау
органдарының
Академиясының төрағасы/
Бас прокуратуралың
Құрылымдық
бөлімшесінің бастығы
кезде)

қолы

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған

қолы

Тегі, аты, әкесінің аты бар болған кезде

қолы

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК